

**Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің
докторантты Жакулаев Адил Муратовичтің 8D01701 – «Қазақ тілі мен
әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи
дискурс» диссертациялық жұмысына**

ПКР

Қазіргі гуманитарлық ғылымның әр саласында (философия, лингвистика, әдебиеттану, т.б.) «дискурс» ұғымы туралы айтылып келе жатыр. Ғалымдардың зерттеу нысанына байланысты дискурсқа қатысты түрлі анықтамалар, сипаттамалар беріліп келеді. Сондай-ақ, ғалымдардың жіктеуінше дискурстың түрлері де біршама. Бұл диссертациялық жұмыста А.М. Жакулаев дискурстың түрлеріне, оның ішінде тарихи дискурс мәселесіне кеңінен тоқталады.

Диссидент тарихи дискурстың өзіндік ерекшелігі, тарихи дискурс категориясы, тарихи дискурстың интерпретациясы, тарихи дискурстың көркем мәтіндегі көрінісі секілді теориялық мәселелерді жан-жақты ашады. Бұл бағыттағы мәселені ашууда М. Мағаиннің «Шыңғыс хан», «Қыпшақ аруы», К. Жұмаділовтың «Прометей алауы», Ж. Ахмадидің «Ай-тұмар», Т. Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Ұ. Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы», Р. Отарбаевтың «Бас», «Шыңғыс ханның көз жасы» атты туындаларын талдайды.

Осы орайда зерттеу авторының мына жаңалығын да ерекше атау керек деп ойлаймыз: «автореминисценция» көркем шығарма мәтінінде қаламгердің өз шығармасына сілтеме жасайтыны болса, «реавтореминисценция» жазушының жазып отырған шығармасының өзіне сілтеме жасауды деп түсінеміз». Яғни, реавтореминисценция деген терминді ғылыми айналымға енгізе отырып, оны «Қыпшақ аруындағы» нақты мысалмен негіздеген.

Диссертациялық жұмыстың тағы бір оң жағы – оның практикалық мазмұнның байлығы. Д. Рамазанның «Ажал келген күн» шығармасы негізінде эксперименттік зерттеу жүргізілген. Зерттеудің нәтижесінде «постколониалды кезеңдегі жастардың санасында әлі күнге дейін отаршыл мемлекет қалыптастырған колониалды сана ықпалы басым екені, бірнеше ұрпақтың үзіліссіз отаршылық елде тәрбиеленуі секілді факторлар анықталған. Ал А. Алтайдың «Бүкір» әңгімесі бойынша мәтінді қабылдаудың қарапайым, орташа және жоғары деңгейлері көрсетілген.

Зерттеудегі эксперименттің нәтижелерін талдауда жаңа компьютерлік бағдарламалар қолданылған. Бұны ерекшелеп атауымыздың басты себебі – қазақ тілі мен әдебиеті саласында деректерді талдауда компьютерлік өндеуді қолдану өте сирек. Бұл жағынан келгенде, диссиденттың заманауи құрылғыларды, бағдарламаларды терең меңгергені байқалады. А.М. Жакулаев қазақ тілі мен әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқытудың ғылыми-теориялық әдістемесін де ұсынып, білім алушыларға тарихи дискурсты менгертуде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланған.

Бұл жұмыстың қазақ тілі мен әдебиеттің теориясына, әдістемесіне өзіндік үлес қосатын сирек зерттеулердің бірі деп бағалаймын. Зерттеудің нәтижелерін алдағы уақытта оку құралы, оқу-әдістемелік құрал ретінде жарыққа шығарып, дискурс, мәтінді талдау бойынша пән сабактарында қолдануға болады.

Қорыта келгенде, 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Жакулаев Адил Муратовичтің «Қазіргі казақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациясы толығымен аяқталған зерттеу деп санаймын. Диссертацияның авторы А.М.Жакулаев философия докторы дәрежесін беруге лайыкты.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтының
директоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор**

Ж. Дәдебаев

